



АРҚАНЫҢ

Қос күреңге мінген салт атты әке мен бала үйреншікті аяңмен ауылдан шыққан. Артта түңлігі енді түріле бастаған алты ақ боз үй қалып барады. Атқа отырысы мығым ақ құба жігіт тізгінді тартып, ауыл жаққа соңғы рет көз салды. Таңмен таласа тұрғандардың бәрі де бұған тілек тілеп тұрғандай қараса қалыпты.

Қатарласа қалған қос күрең енді жорғаға ауысты. Қужалдың құба жонына дүркірей көтерілген бір топ арқар бұларға биіктен көз тігіп, маңғаздана қалыпты. Көкте сардалаға сән берген сарыала қаздар ұшып өтті. Ер үстінен сәл қозғалған елуден енді асқан ел ағасы көзілдірігін асығыс киіп, көктегі сарыала қаздар ұзап кеткенше көз талдыра қарады.

- Ақселеу, биыл құдай қаласа, жолың болады. Киелі құстың ұшуы тегін емес. Екі жыл жолың болмаса да, елің сенен үлкен үміт күтетіндігін білдім. Өткенде үйлендіремін дегенде, елдің ықылас-пейіліне тоқтағам. Анау ауылдағы ақылдылар Рахмет, Сәрсембай, Жаркендер: «Баланың бағын байлама, оқыса білгірлердің бірі болады», - деп мына әкенңді әжептәуір түйіп тастаған.

- Көке, екі жылда конкурстан өте алмай келдім. «Ер кезегі үшке дейін» деген. Бұл жолы жолым болмаса, Сіздің тілегіңізге келіспеуге амалым жоқ.

- Қарағым, қамықпа! Менікі - соғыстан қайтпаған әкең Сланның қара шаңырағы құламасын дегенім. Жүректегі жалғыз жара - сол ғана. Адам болып атқа мінгеніңді көрдім. Енді ел кіретін үйдің бірі болғаныңды қатарыңнан ірі шыққаныңды қалаймын, құлыным, - деген Аманбек атын тебініп қалды. Балалық шақтан бастап, ауылдағы өткен өмір бұны ерте есейткен. Мектеп бітіргеннен кейін де «Жас шопан», «Жылқышы жігіт» атанып үлгеріпті. Ауылдағы ойын-сауықтың гүлі болып, ақсақалдардың ақ батасын сан мәрте алған мектептегі күндерінде қабырға газетін бермейтін жас қаламгерді қанаты қатайған шақта республикадағы беделді басылымдарға «Ат-тестатты жас шопан», «Өрісте», «Қозы қырқыныңдағы думан» атты мақалалар мен өлеңдер жазуға итермеледі. Соның бәрі де аяулы ауыл

өмірінен алынды. Тыным таппай жазғызды. Жасынан «ауыл академиктерінің» әңгімесіне құлақ құрышын қандырып, елдегі әнші-күйші, ақын-жыршылардың өнеріне сүйсінді. Ауыр жұмыстың азабын әп-сәтте ұмытып кететін думанды кештердің ғибраты көп тиді. Сондай кештердің бірінде ауыл қарттарының «Шіркін-ай, қазақтың осы өнерін тамылжыта айтып, тамсандыра жазатын жазушылар шықса еді», - деп отыратынын бұл талай естіген. Өз әкесін жоқтатпаған мына келе жатқан көкесінің күйшілігі; Нығатайдың бәйбішесі Мәпруза тартатын текті күйлер мен Сәрсенбай ақсақал мен Түгелбайлар орындайтын төкпе күйлер де бұған айрықша әсер еткен. Қой бағып, жылқы жайып жүргендегі жақпар тастардағы жұмбақ жазулар, үйдей үңгірлердегі құпиялар мен көне дәуір күмбездері ата-бабалар ескерткішіндей көрінетін. Дархан даланың өсімдіктер сырын кітаптан қызыға оқып, аяулы аналар мен ардақты ағаларынан құныға тыңдаған. Ой арманына шырмалған

күйде қырқыншылар ауылына жеткен. Қаз-қатар қатарласа қонған алты қанат ақ боз үйлер мен жаңа шаңырақ көтерген ақ отаулар көшпелілер өмірінің соңғы күйін шертеді. Бұрынғы жаз шықса, мыңдаған шақырым көшіп барып, салқын түсе жылы жаққа жыл құстарымен қайта оралатын дәурен өткен. Ендігісі қыс болса, отыз-қырық шақырым аралықтағы орталыққа көшіп, жаз болса науқандық жұмыс бойынша үдере көшу салтқа сіңген. Осындағы аудан орталығына қырқылған жүн таситын жүк машинасына Ақселеуді іліктіріп, Аманбек ат басын кері бұрған. Аудан орталығындағы анасының ақ тілеуін алып, ағарту ісіне еңбегі сіңген, ұлағатты ұстаз Хасен ағасымен Ақселеу де астанаға арман алып ұшқан.

Үш жылғы арманы болған аламан бәйгіден 1961 жылы озып шықты. Сыыр жылы Алматыдағы Қазақстанның маңдайына біткен жалғыз университеттің журналистика факультетінің студенті атанды. Жоғары оқу орнындағы алғашқы күндерден А. Сейдімбек кезіндегі шешілмес жұмбақ әлемнің қыр-сырына үңіліп, ата тарихты тануға, ол үшін философия, этнология, фольклортану іліміне ден қоюдың керектігін түсінді. М. Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін - білім», - деген өсиетін қаперде ұстады. Әдебиетке келудің алғашқы әліппесі өлеңнен өмір тану болса, бұл өлкеде ол өзінше өрнек салды. Өнерге қатысты жазылған мақалалары мәнді шығып, зиялы қауымның назарын аудартты.

Университетті бітіріп шығып, «Орталық Қазақстан», «Лениншіл жас» - «Жас алаш», «Социалистік Қазақстан» - «Егемен Қазақстан» газеттерінде, «Білім және еңбек» - «Зерде» журналдарында қызмет атқарған жылдар А. Сейдімбектің өнердегі өрісін ашты. Таланттың қаламынан туған құнды мақалалар елдің мұрат-мақ-

саттарына қызмет етті. Күні кешегі танымал журналистің қолынан «Ақиық», «Қыр хикаялары», «Тауға біткен жалбыз», «Аққыз» атты көркем туындылары жазылған сәтте А. Сейдімбектің сүйікті оқырмандары пайда болды. Еңбек таразыға түсіп, жұрт тарапынан «өнерден өз орнын тапқан», «тіл құдіретін танытқан шығарма», «шығарма шарайы-шынайылығы» деген әділ қазылық жасалды. Бұл істе Ақселеу Сейдімбекке журналистік тапсырмалар арқылы сапарға шығу, ел арасын аралау үлкен септігін тигізді. Барған жерінен өткеннен қалған белгілер тауып, көне дәуірдің сырын аңдау «Күңгір-күңгір күмбездер» атты ғылыми ізденіске толы кітапты жазғызды. Жазушының өз ұлтына шынайы берілген патриот екендігін, қазақтың салт-дәстүрін, мәдениетін жақсы білетін, танымдық тұрғыдан терең түсіндіре алатын суреткер бар екендігін жұртты кәміл сендірген осы кітап болатын. Шын мәніндегі бұл еңбек деректі материалдармен толысып, көпшілік қауым Ұлылар жатқан Ұлытаудағы күмбездерді, Арқа өңіріндегі ескерткіштерді «Күңгір-күңгір күмбездер» арқылы таныды.

Жазушының көркем туындылары «Аққыз», «Ақиық» атты шығармаларындағы

уақыт пен кеңістік мәселесі, ондағы оқиғалар мен жер-су аттары тарихи шындыққа негізделгенін көпшілік біле де бермейді. Кенішті қаламыздың өткені мен бүгіні Ақселеудің тұрақты тақырыбына айналғанын «Кеніш» атты очерктер жинағы, қазіргі жазылып жатқан мақалалар да дәлелдей түседі.

Өзіне сенген Сланның Ақселеуінің танымал журналистігі, таңдаулы жазушылығы, талассыз этнографтығы, сыршыл сазгерлігі, дәулескер күйшілігі халқына аян болып, сүйер ұлым сенсің деген тұста тағдыр тағы да тобықтан қақты. Әйгілі Гомердің «Илиада» және «Одиссеясын» қазақша сөйлеткен, И. Можейконың «7 және 37 керемет» кітабын аударған шығармалары сандаған тілдерге тәржімаланған А. Сейдімбек өзі атын өзгерткен «Зердесінен» редакторлықтан қуылып, атақ-дәрежесіне қарамастан, орынсыз қудалана бастады. Ендігі жұмыс еден тазалаушының бос орнына, М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Ш. Елеукеновтің демеуімен лаборант ретінде қызметке алынды. Уақыт өте берді. Бір ғажабы, есті азамат еңсесін түсірмеді. Тәуелсіздік таңымен қоса, Сланның сұңғыла ұлы да әр тәуелсіздігі үшін күресті тоқтатпады. Кезінде жинап жүрген қазақтың қара өлеңдерін қайта сұрыптап ғылыми айналымға түсіріп, оның поэтикалық болмыс-бітімін ғылыми тұрғыдан тексеру нәтижесі кандидаттық диссертацияға айналып, сәтті қорғалып шықты.

Күй құдіретін танытқан «Күй шежіре» екі кітап болып, «Қазақтың күй өнері» атты көлемді еңбектер бірінен кейін бірі жарыққа шығып жатты. 1997 жылы «Қазақтың күй аңыздары» жөнінде, күй

аңызының құрылымы мен жанрлық ерекшеліктеріне қатысты докторлық диссертациясы қорғалды. Ғалымдар тарапынан байыпты бағасын алған еңбекке баспасөз бетінде жылы лебіздер көп айтылды. Осы кезеңде А. Сейдімбек «Ықылас күйші», «Әнші Жәнібек Кәрменов», «Зергер» телефильмдері мен «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» атты екі сериялы көркем фильмге түсіп те үлгерді. Осыншалық іске уақыт табатын табиғатынан талантты адамның рухының күштілігі баршаны толғандырады. Көпті баурап, өзіне табындырады.

Көптің тілегіне сай жазушы-ғалым, өрелі өнер иесі А. Сейдімбек те ел тыныштығын, бейбіт өмірді, келер ұрпақтың қамын ойлап күйзеледі. Бал жинаған арадай керегін қаузап, келешекке аманат қылуды қалайды.

Иә, оның жиған қазынасы көп, ұлағатты ұлтына айтары:

Қазақ - ұлы халық! Отан - оттан ыстық! Ғылым мен білім - бәрінен артық!

Б. РАҚЫМОВ,
филология ғылымдарының докторы,
ҚарМУ-дің профессоры.



(Бұл беттегі суреттер журналист Р. Сүлейменовтің жеке архивінен алынды.)